

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Мейірім
оңалту орталығы» МКҚК-ы бойынша сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
Аналитикалық анықтамаға қосымша**

Шымкент қаласы

26.05.2025 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданған кезеңі: 2025 жылғы қаңтар айынан 2025 жылдың мамыр айы аралығында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтамаға қосымша.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 18.01.2021 жылғы №1-5/195 тапсырмасына сәйкес ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес менеджмент жүйесі» халықаралық стандарттарын енгізуіне байланысты, Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Мейірім оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында Комплаенс қызметінің міндетін бас дәрігердің 19.02.2021ж №01-03-05/19-ж/қ санды бұйрығымен Ә.А.Әбен жылы жүктелген.

2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жыл жоспарына сәйкес «Мейірім оңалту орталығы» МКҚК -ында жұмыскерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және құқық қолдануды қамтамасыз ету, оларға сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтау және алдын алу бойынша шараларды іске асыру және басқа да мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстары уактылы өткізіледі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің Ережесі», Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты, мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау, онымен күрес жолдары туралы жұмыскерлер арасында комплаенс-офицерімен әр тоқсан сайын түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Жоспарға сәйкес, жұмыскерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол бермеу туралы ақпаратты ашық, интернет -ресурстарда, ресми сайтта жарияланып тұрады. Сонымен қатар кәсіпорнынның фронт офис бөлмесіне және барлық бекеттерге Комплаенс-офицер қызметкері бойынша маңдайшалары байланыс телефонымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған үгіт материалдары ілініп қойылған.

«Мейірім оңалту орталығы» МКҚК-ы:

1. Орталықта Еңбекке жарамсыздық парағы берілмейді.
2. Орталықта ақылы қызмет көрсетілмейді.
3. Емделушілер орталыққа емхана арқылы парталға жазылу (зерттеу нәтижелерімен) емделуге келеді.
3. Дәрі-дәрмек СК-Фармация арқылы жүзеге асырылады.
4. Мекеме МКҚК (Мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны) штат бекіту және жылдық қаржы жоспары басқарма бекітуімен жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған:

1. Орталық қызметкері қабылдау бөлімінің мейіргері Полат Н. емделуші Жанабилов Омар 21.01.2020жылғы, №14 қалалық емхана жолдамамен жібереді. Алайда орталық дәрігері Нартбаева Н. емделушінің анасына талдау нәтижелерінің толық болмауына байланысты қабылдамай, толықтырып келуін ескертеді. Жоғарыда айтылған жағдайды толық біле тұра қабылдау бөлімінің мейіргері Полат Н. (даму-мед кмис) порталы арқылы қабылдап (науқас тарихын) ашып қойған. Қазіргі таңда қабылдау бөлімінің мейіргері Полат Н. уақытша еңбекке жарамсыз парағында екенін ескеріп, жұмысқа келген кезден шара қолданатынын мәлімдеймін.

2. Емдеу ісі бөлімін ішкі талдау жүргізу барысында 2025 жылы 25 мамыр күні Бахытжанұлы Ерсұлтан 03.03.2014 ж (даму-мед кмис) порталға тіркеліп алайда техникалық ақау салдарынан қайта алынған. Сол аралықта қабылдау бөлімінің мейіргері Полат Н. (даму-мед кмис) парталына дәрігерлердің нұсқауынсыз қабылдап алған. Қазіргі таңда қабылдау бөлімінің мейіргері Полат Н. еңбекке жарамсыз парағын аштыртқаны салдарынан шара көру тоқтатылуда.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

3. Орталыққа келген науқас балаларды тіркеу және дәрігердің қабылдауы, науқас баланы жатқызу және басқа да жағдайларда қызмет көрсету кезінде орын алу мүмкін. Осыған орай емделуші балалардың ата –аналарымен баяндамалар мен кері байланыс жасалып хаттама негізінде түзіледі.

4. Дәрігерлердің Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға (ҚҰФ) кірмейтін дәрілік заттарды (ДЗ) тағайындауы бұл денсаулық сақтау саласын реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді бұзу ретінде қарастырылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-41 бұйрығымен бекітілген ҚҰФ медициналық практикада ДЗ қолдану негізделетін негізгі құжат болып табылады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде мыналар ұсынылады: Медицина қызметкерлері мен

жұмыс беруші арасындағы денсаулық сақтау саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қатаң сақтау туралы ішкі міндеттемені әзірлеу және бекіту.

5. Орталықта жұмысқа қызметкер қабылдау барысында «Электрондық еңбек биржасы» порталына өтінім берілген жұмыссыз азаматтар «Жұмыспен қамту орталығының» жолдамасымен қабылданады. Алайда жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен 2-3 азамат ниет білдіріп келуі мүмкін. Сол орайда жұмыс іздеуші мен жұмыс беруші арасында тікелей жолығу, таныс-тамырлық орын алып, тәуекелділікке әкеліп соғу ықтималдылығы бар.

Тәуекелділікке жол бермеу жолдамамен жіберілген жұмыссыз азаматтармен тікелей байланыс орнату яғни комиссия мүшелерімен, жұмыс берушімен конкурс арқылы жүргізу және онлайн әңгімелесу өткізу ұсынылады.



Тәуекелділікке жол бермеу үшін жеңілдік қарастырылған келушілерге тұрақты түрде тегін қызмет алатындығын ескертіп отыру. Басшылық тарапынан қадағалау жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.

Баяндалғанның негізінде мынадай ұсыным енгізіледі:

- 1) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына қатысты науқастардың өтініштерін тұрақты негізде ерекше бақылауда ұстау қажет;
- 2) Кәсіпорын бөлімдерінің қызметкерлері мен басшылар, бекітілген персоналды қызметіне қатаң бақылауды қамтамасыз ету және қызметкерлердің өздерінің функциональдық міндеттері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауы жөніндегі шаралар.

Ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобы төрағасы  Ә.А.Әбен

Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобы мүшелері:

 Ф.Елтаева
 Т.Мұханова
 Қ.Тажнева